


2020 жылға экспорт, импорт және тұтыну



Ел ішінде сүтті тұтынудың жалпы көлемі 2016 жылы 96,8% құрады, ал 2020 жылы ол 89,4% құрайды.

Сізге толығырақ ақпарат қажет пе?

Республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының барлық негізгі индикаторларын Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының www.stat.gov.kz Интернет-ресурсында табуға болады.



Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

www.stat.gov.kz

Басқа да сұрақтарыңыз бар ма?

Қызмет көрсету және энергетика статистикасы департаментіне хабарласыңыз

Департамент директоры
Гүлмира Сайлаубекқызы Қарауылова
Тел. +7 7172 74 90 60
E-mail: g.karaulova@aspire.gov.kz

Қысқаша әдіснамалық түсіндірмелер

Өндіріс (өндіру) - республика аумағында өндірілген өнімдердің (тауарлардың) мөлшері.

Қазақстан Республикасының экспорттық-импорттық операциялары туралы деректер Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің деректері бойынша ұйымдастырылмаған сауданы қоспағанда, жүктердің кедендік декларациялары негізінде және «Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен тауарлармен өзара сауда туралы есеп»

1-ТС нысаны бойынша жалпы мемлекеттік статистикалық байқау негізінде келтірілген.

Импорт - ел ішінде пайдалануға және қайта экспорттауға арналған тауарларды шетелден әкелу.

Экспорт – сыртқы нарықта өткізу үшін тауарларды елден шығару, сондай-ақ шетелден шыққан тауарларды қайта экспорттау.

Құндық мәнде экспорттық-импорттық операциялардың деректері доллар эквивалентіндегі кедендік декларациялар деректерін есепті кезеңдегі валюталардың орташа алынған бағамы бойынша ұлттық валютаға аудару арқылы есептеледі.

Ішкі нарықтағы өткізу ел ішіндегі өнімді тұтыну көлемін анықтайды.

Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бойынша тауар нарықтарының дамуы



Біздің мекенжайымыз:

010000, Қазақстан Республикасы
Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік ел, 8
Министрліктер Үйі, 4 кіреберіс
Аақпараттық қызмет +7 749010, 749011
Факс: +7 7172 749546
E-mail: e.stat@aspire.gov.kz
Интернет-ресурсы: <http://www.stat.gov.kz>

Таралымы: 300 дана

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы (бұдан әрі - Бюро) 1999 жылдан бастап тауар нарықтарының статистикасын қалыптастырады.

Тауар нарықтарының статистикасы тауарлар ресурстарының баланстары құрылымының көрсеткіштерін және оларды Қазақстан Республикасында пайдалану бағытын қамтиды. Ресурстар мен тауарларды пайдалану баланстары отандық өндірістің даму деңгейін және ел экономикасының басқа елдерден келетін өнімдердің импортына тәуелділік көлемін сипаттайды. 2013 жылдан бастап Бюро ресурстардың және Қазақстан Республикасының облыстары бойынша кейбір тауар позициялары бойынша пайдалану баланстарын қалыптастыра бастады. Ресурстар және оларды пайдалану баланстары бойынша ақпарат Бюроның ресми сайтында «Қазақстан Республикасында өнімнің (тауарлардың) және шикізаттың жекелеген түрлерінің ресурстары мен пайдалану» бюллетені (ай сайынғы кезеңділікпен) және «Қазақстан Республикасы бойынша шикізаттың аса маңызды түрлерінің, өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдердің және тұтыну тауарларының ресурстары мен пайдалану баланстары» (жылдық кезеңділіктегі) жинақ түрінде орналастырылады.

Бұдан басқа, сайтта Тұтыну тауарлары мен өндірістік-техникалық мақсаттағы тауарлардың матрицасы орналастырылған, бұл келесі қатынасты көрнекі (түрлі-түсті) түрде көруге мүмкіндік береді: Қазақстан Республикасында отандық өндіріс есебінен ресурстары толықтырылатын тауарлар жасыл түсте, импортты алмастыру жүйесі әлі жеткілікті түрде енгізілмеген, сондықтан осындай тауарлар бойынша ресурстарда басқа елдерден импорттық басым жеткізілім болатын тауарлар бойынша қызыл түс.




Ішкі нарықта сиыр еті жалпы өткізу 2016 жылы 99,6% құрады, ал 2020 жылы ресурстардың жалпы көлемінен 98,3% құрайды. 2016 жылы басты пияздың экспорты 5,1% құрады, ал 2020 жылы ресурстардың жалпы көлемінен 9,7% құрайды.

Азық-түлік тауарлары

Отандық өндіріс тауарларының едәуір үлес салмағы азық-түлік тауарларының көпшілігінің ресурстарында байқалады. Азық-түлік нарығында бидай наны, ұн, күріш, тұз және макарон өнімдері (ресурстардың жалпы 99,8%, 99,7%, 95,7%, 87,3% және 85,5%) ресурстары толығымен дерлік республикада өндіріледі. Ақ қант импортының жалпы көлемі 2019 жылы 55,6% құрады, ал 2020 жылы ресурстардың жалпы көлемінен 79% құрайды.

2020 жылға тауық жұмыртқасын өндіру, тұтыну және импорты


пайызбен



2019 жылға импорттың жалпы көлемі 1,6% құрады, ресурстардың жалпы көлемінен өндіріс 98,4%, ал 2020 жылы импорт ресурстардың 2,3%, өндіріс 97,7% құрайды.

Ішкі нарықта өткізу

пайызбен



2020 жылғы өндіріс пен импорт

пайызбен

